

**"Елеулі маңызды тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 180 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 186-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 тамызда № 21139 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Елеулі маңызды тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 180 (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10953 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 маусымда жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген елеулі маңызды тауарлардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сыртқы сауда қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

## Елеулі маңызды тауарлардың тізбесі

№	ЕАЭО СЭҚ Т Н коды	Тауардың атауы
1.	0201	Ірі қара малдың еті, жас немесе тоңазытылған
2.	0202	Ірі қара малдың еті, мұздатылған
3.	0203	Шошқаның еті, жас тоңазытылған немесе мұздатылған
4.	0204	Қой немесе ешкінің жас еті, тоңазытылған немесе мұздатылған
5.	0207	0105 тауар позициясында көрсетілген үй құсының еті және тағамдық қосымша өнімдері, жас, тоңазытылған немесе мұздатылған
6.	0301	Тірі балық
7.	0302	0304 тауар позициясының балық сүзбесі мен балық етін қоспағанда, жаңа ұсталған немесе мұздатылған балық
8.	0303	0304 тауар позициясының балық сүзбесі мен балық етін қоспағанда, мұздатылған балық
9.	0304	Жаңа ұсталған, салқындатылған немесе мұздатылған балық сүбесі (балық фаршын қоса алғанда) және басқа балық еті
10.	0305	Кептірілген, тұздалған және тұздықтағы балық; қақтау процесі кезінде не оған дейін жылулық өңдеуге ұшыраған немесе ұшырамаған қақталған балық; тамаққа қолдануға жарамды майда немесе ірі тартылған балық ұны және балық түйіршіктері
11.	0306	Тірі, жаңа ұсталған, салқындатылған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы бақалшақтағы немесе бақалшағы жоқ шаянтәріздестер; қақтау процесі кезінде не оған дейін жылулық өңдеуге ұшыраған немесе ұшырамаған бақалшақтағы немесе бақалшағы жоқ қақталған шаянтәріздестер; бумен немесе қайнаған суда пісірілген, салқындатылған немесе салқындатылмаған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы бақалшақтағы шаянтәріздестер; тамаққа қолдануға жарамды майда немесе ірі тартылған шаянтәріздестер ұны және түйіршіктері
12.	0401	Қоюлатылмаған және қант немесе басқа тәттілендіретін заттар қосылмаған сүт және кілегей
13.	0402	Қоюлатылған және қант немесе басқа тәттілендіретін заттар қосылған сүт және кілегей
14.	0405	Сүттен жасалған сары май және өзге тоң майлар; сүт пасталары
15.	0406	Ірімшіктер және сүзбе

16.	0407	Қабықтағы, жас, консервіленген немесе піскен құс жұмыртқалары
17.	0701	Жас немесе тоңазытылған картоп
18.	0703	Басты пияз, шалот пиязы, сарымсақ, порей пиязы және басқа пияздық көкөністер, жас немесе тоңазытылған
19.	0704	Қаудандық қырыққабат, түрлі-түсті қырыққабат, кольраби, жапырақты қырыққабат және brassica тұқымдасынан ұқсас жеуге жарамды көкөністер, жас немесе тоңазытылған
20.	0706	Сәбіз, шалқан, ас қызылшасы, қойжелкек, шалғам және басқа да ұқсас жеуге жарайтын тамыр жемістері, жас және тоңазытылған
21.	0708	Аршылған немесе аршылмаған, жас немесе тоңазытылған, бұршақ тұқымдас көкөністері
22.	0713	Кептірілген, аршылған, тұқымдық қауызынан тазартылған немесе тазартылмаған, ұсақталған немесе ұсақталмаған бұршақ тұқымдас көкөністері
23.	0902	Дәмдік хош иісті қоспалары бар немесе жоқ шай
24.	1001	Бидай және меслин
25.	1002	Қара бидай
26.	1003	Арпа
27.	1004	Сұлы
28.	1005	Жүгері
29.	1006	Күріш
30.	1008	Қаракұмық, тары және субидайдың тұқымдары; басқа да дақылдар
31.	1101 00	Бидай немесе қара бидай ұны
32.	1102	Бидай немесе қара бидайдан басқа өзге де астық тұқымдастар дәндерінен алынған ұн
33.	1103	Жарма, ірі тартылған ұн және астық тұқымдастар дәндерінен алынған түйіршіктер
34.	1104	1006 тауар позициясындағы күрішті қоспағанда, басқа да тәсілдермен өңделген астық тұқымдастар дәндері (мысалы, дән жармасы түрінде қабығынан аршылған, жаншылған, үлпектерге қайта өңделген, түйілген немесе ұсатылған); тұтас, жаншылған, үлпек түріндегі немесе бастырылған астық тұқымдастар дәнінің ұрықтары
35.	1105	Майда немесе ірі тартылған ұн, ұнтақ, үлпек, картоп түйіршіктері
36.	1106	Майда немесе ірі тартылған ұн және 0713 тауар позициясындағы кептірілген бұршақ тұқымдас көкөністері, саго пальмасының өзегінен, 0714 тауар позициясындағы түйнек тамырлардан немесе 8-топтың өнімдерінен алынған ұнтақ
37.	1201 00	Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған соя бұршақтары
38.	120400	Зығыр тұқымдары, ұсатылған немесе ұсатылмаған
39.	1205	Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған рапстың немесе кользаның тұқымдары
40.	1206 00	Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған күнбағыс тұқымдары
41.	1207	Басқа да майлы дақылдардың тұқымдары мен жемістері, ұсатылған немесе ұсатылмаған
42.	1208	Қышаның тұқымдарынан басқа, майлы дақылдар тұқымдарынан немесе жемістерінен алынған майда немесе ірі тартылған ұн
43.	1209	Егіске арналған тұқымдар, жемістер және споралар
44.	1211 90 860 1	Мия тамыры

45.	1214	Түйіршіктелген немесе түйіршіктелмеген тарна, жапырақты қызылша (мангольт), жемдік тамырлар, пішен, жоңышқа, беде, эспарцет, жемдік қырыққабат, бөрібұршақ, сиыржоңышқа және ұқсас жемдік өнімдер
46.	1507	Тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгертілмеген соя майы және оның фракциялары
47.	1512	Тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген күнбағыс, мақсары немесе мақта майы және олардың фракциялары
48.	1514	Тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген рапс (рапстан немесе кользадан) немесе қыша майы және олардың фракциялары
49.	1515	Тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген өзге де өсімдіктен алынған ұшпайтын тоң майлар және майлар (жожоба майын қоса алғанда) және олардың фракциялары
50.	1517	Маргарин; 1516 тауар позициясындағы тағамдық тоң майлардан немесе олардың фракцияларынан басқа, жеуге жарамайтын қоспалар немесе жануарлардың немесе өсімдіктердің тоң майларынан немесе майларынан немесе фракциялардағы әр түрлі тоң майларынан және аталған топтың майларынан алынатын дайын өнімдер
51.	1518 00	1516 тауар позициясындағы өнімдерден басқа, піскен, тотықтандырылған, сусыздандырылған, сульфурленген, әуедегі үрлеумен тотықтандырылған, вакуумда немесе инертті газда қыздыру жолмен полимеризделген немесе басқа тәсілмен химиялық модификацияланған жануарлардың немесе өсімдіктердің тоң майлары мен майлары және олардың фракциялары; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген жеуге жарамайтын қоспалар жануарлардың немесе өсімдіктердің тоң майлары мен майларынан, немесе фракциялардағы әр түрлі тоң майлардан және аталған топтың майларынан алынатын дайын өнімдер
52.	1701	Құрақ немесе қызылша қанты және қатты түрдегі химиялық таза сахароза
52.1	1904 90 800 0	Астық дәндерін немесе астық өнімдерін (мысалы, жүгері үлпектері) үрлеу немесе қуыру жолымен алынған өзге де дайын тамақ өнімдері; астық түріндегі немесе үлпек немесе өзге тәсілмен өңделген астық түріндегі (жұқа және ірі тартылған ұнды, жарманы қоспағанда), алдын ала пісірілген немесе өзге тәсілмен дайындалған, басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген дақылдар (жүгері дәнінен басқа)
53.	2302	Түйіршіктелмеген немесе түйіршіктелген кебектер, жармалар, жарма ұндар және дақылдар дәндерін немесе бұршақ дақылдарын елеуден, тартудан немесе басқа да тәсілдермен өңдеуден алынған өзге де қалдықтар
54.	2304 00 000	Қытайбұршақ майын бөліп алу кезінде алынатын күнжара және тартылмаған немесе тартылған, түйіршіктелмеген немесе түйіршіктелген басқа да қатты қалдықтар
55.	2306	2304 немесе 2305 тауар позициясындағы қалдықтардан басқа, өсімдік тоң майларын немесе майларын бөліп алу кезінде алынатын күнжара және тартылмаған немесе тартылған, түйіршіктелмеген немесе түйіршіктелген, басқа да қатты қалдықтар
56.	2309	Жануарларды азықтандыру үшін пайдаланылатын өнімдер
57.	2501 00	Тұз (асханалық және денатурацталған тұзды қоса алғанда) және таза натрий хлориді суда ерітілген немесе ерімеген, немесе жабысуға кедергі келтіретін немесе сусымалылықты қамтамасыз ететін агенттердің қоспалары бар немесе жоқ; теңіз суы
58.	2705 00 000 0	Мұнай газдары мен басқа да газ тәрізді көмірсутектерден басқа, тас көмір газы, су, генераторлық және ұқсас газдар
59.	2709 00	Битуминозды жыныстардан алынған шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері
60.	2710	Шикілерден басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70 салм.% немесе одан да артығы болатын мұнай немесе мұнай өнімдері бар, битуминоздық жыныстардан алынған, оның үстіне бұл

		мұнай өнімдері негізгі өнімдерді құрайтын өнімдер болып табылады; өңделген мұнай өнімдері
61.	2711	Мұнай газдары және өзге де газ тәрізді көмірсутектер;
62.	2712	Мұнай вазелині; боялған немесе боялмаған синтез нәтижесінде алынған, микрокристалданған парафин, мұнай балауызы, парафин гачі, озокерит, құба көмірлі балауыз, шымтезек балауызы, өзге де минералды балауыздар және ұқсас өнімдер;
63.	2713	Битуминозды жыныстардан алынған мұнай коксы, мұнай битумы және мұнай және мұнай өнімдерін өңдеуден қалған өзге де қалдықтар;
64.	2715 00 000 0	Табиғи асфальт, табиғи битум, мұнай битумы, минералды шайыр немесе минералды шайыр пегі негізіндегі битум қоспалары (мысалы, битум мастикалары, жол жабындарына арналған асфальт қоспалары)
65.	4101	Ірі қара малдың (буйволдарды қоса алғанда) немесе жылқы тұқымдас (өзге әдіспен буланған немесе тұздалған, кептірілген, пикелденген немесе консервіленген, бірақ пергаментке келтіріліп иленбеген немесе одан әрі өңдеуге түспеген) жануарлардың түгі бар немесе түксіз, бүлінген немесе бүлінбеген, өңделмеген терілері
66.	4102	Осы топқа 1в ескертпемен алып тасталғандардан басқа, қойлардың немесе қозылардың (өзге әдіспен буланған немесе тұздалған, кептірілген, пикелденген немесе консервіленген, бірақ пергаментке келтіріліп иленбеген немесе одан әрі өңдеуге түспеген) жануарлардың жүні бар немесе жүнсіз, бүлінген немесе бүлінбеген, өңделмеген терілері
67.	4103	Осы топқа 1б немесе 1в ескертпелермен алып тасталғандардан басқа, түкті немесе түксіз (өзге әдіспен буланған немесе тұздалған, кептірілген, пикелденген немесе консервіленген, бірақ пергаментке келтіріліп иленбеген), бөлінген немесе бөлінбеген өңделмеген басқа да терілер
68.	4104	Ірі қара малдың (буйволдарды қоса алғанда) немесе жылқы тұқымдас жануарлардың терісінен жасалған, түгі жоқ, бөлінген немесе бөлінбеген, бірақ одан әрі өңдеусіз иленген былғары немесе былғары краст
69.	4106 31 000 0	Жүнсіз немесе жүнсіз, бөлінген немесе бөлінбеген, бірақ одан әрі өңделмеген, ылғалды күйдегі (хромдалған жартылай фабрикатты қоса алғанда) шошқа терісінен жасалған иленген былғары)
70.	4106 32 000 0	Шошқаның терісінен жасалған иленген былғары, жүнсіз немесе жүнсіз, бөлінген немесе бөлінбеген, бірақ одан әрі өңделмеген, құрғақ күйінде (краст)
71.	4401	Бөренелер, кеспек отындар, бұтақтар, шөпшек байламдары түріндегі немесе ұқсас түрлеріндегі отындық сүрек; жаңқа немесе сүрек жоңқасы; қоспалы немесе қоспасыз бөрене, брикеттер, түйіршіктер түріндегі немесе ұқсас түрлердегі сүрек үгінділер мен қалдықтары және скрап
72.	4403	Өңделмеген, қабығы аршылған немесе аршылмаған немесе шелқабығымен немесе тұрпайы бөренеленген немесе бөренеленбеген ағаш материалдары
73.	4404	Бондарлық ағаш; кесілген бөренелер; үшкірлеген, бірақ ұзын бойымен кесілмеген қадалар, қазықтар және бағандар; ұшталмаған, қатты сүргіленген, иілмеген немесе басқа тәсілмен өңделмеген, тростарды, қолшатырларды, саймандарға арналған тұтқаларды немесе ұқсас бұйымдарды өндіру үшін пайдаланылатын ағаш материалдары; аршылған және осыған ұқсас сүрек
74.	4406	Теміржол немесе трамвай жолдарына арналған ағаш шпалдар
75.	4407	Араланған немесе ұзын бойымен жарылған, жаңқаланған немесе жаңқаланбаған, қабаттарға бөлінген немесе сыдырылған, тегістелген немесе тегістелмеген, сыртқы қалыңдығы 6 мм асатын шет жақ қосылыстары бар немесе жоқ ағаш материалдары
76.	4707	Регенирацияланған қағаз немесе картон (макулатура және қалдықтар)
77.	5101	Қардтық немесе тарақпен тарауға ұшырамаған жүн

78.	5102	Кардтық немесе тарақпен тарауға ұшырамаған биязы немесе қылшықты жануарлардың қылы
79.	5103	Иіру қалдықтарын қоса алғанда, бірақ ыдыратылған шикізатты қоспағанда, жүннің немесе жануарлардың биязы немесе қылшықты қылының қалдықтары
80.	5104 00 000 0	Жануарлар жүнінен немесе жұқа немесе қатты түгінен жұлынған шикізаттар
81.	5301	Шикізатты зығыр немесе өңделген, бірақ иіруге ұшырамаған зығыр; зығырдың қыл-қыбыры мен қалдықтары (иіру қалдықтары мен жұлынған шикізатты қоса алғанда)
82.	7108	Өңделмеген немесе жартылай өңделген, немесе ұнтақ түріндегі алтын (платинадан алынған гальванды қаптамасы бар алтынды қоса алғанда)
83.	7112	Бағалы металдардың қалдықтары мен сынықтары немесе бағалы металдар жалатылған металдар; негізінен бағалы металдарды алу үшін пайдаланылатын, құрамында бағалы металдар немесе бағалы металдардың қосылыстары бар басқа да қалдықтар мен сынықтар
84.	7204	Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары; қара металдардың қайта балқытуға арналған құймалары (шихталық құймалар)
85.	7207	Темірден немесе легирленбеген болаттан жасалған жартылай фабрикаттар
86.	7208	Ені 600 мм немесе одан да көп, ыстықтай басылған, жалатылмаған, гальваникалық немесе басқа қаптамасыз, темірден немесе легирленбеген болаттан жасалған тегіс илек
87.	7209	Ені 600 мм немесе одан да көп, суықтай басылған (суық күйінде қысылған), жалатылмаған, гальваникалық немесе басқа қаптамасыз, темірден немесе қосарланбаған болаттан жасалған тегіс илек
88.	7210	Ені 600 мм немесе одан да көп, ыстықтай иленген, жалатылмаған, гальваникалық немесе басқа қаптамасыз, темірден немесе легирленбеген болаттан жасалған тегіс илек
89.	7302	Темір жол немесе трамвай жолдары үшін пайдаланылатын қара металдан жасалған б ұ й ы м д а р : рельстер, қарсы рельстер және тісті рельстер, ауыспалы рельстер, тұйық қиылыс айқаспалары, ауыспалы штангалар және өзге де көлденең қосылыстар, шпалдар, түйіспе жапсырмалары мен төсемдері, сыналар, тірек тақталары, ілгекті рельс бұрандалары, төсемдер мен созғыштар, тұғырлар, көлденең жақтаулар мен рельстерді қосуға немесе бекітуге арналған өзге де бөлшектер
90.	7404 00	Мыс қалдықтары мен сынықтары
91.	7503 00	Никель қалдықтары мен сынықтары
92.	7601	Өңделмеген алюминий
93.	7602 00	Алюминий қалдықтары мен сынықтары
94.	7603	Алюминий ұнтақтары мен қабыршықтары
95.	7604	Алюминий шыбықтары мен профильдері
96.	7605	Алюминий сымы
97.	7606	Ені 0,2 мм-ден астам алюминийден жасалған плиталар, табақтар, жолақтар немесе таспалар
98.	7607	Ені (негізін есепке алмағанда) 0,2 мм алюминий фольга (қағаздан, картоннан, пластмассадан немесе ұқсас материалдардан жасалған негізсіз немесе негізімен)
99.	7608	Алюминийден жасалған түтіктер мен түтікшелер
100.	7609 00 000 0	Алюминий түтіктерге немесе түтікшелерге арналған фитингтер (мысалы, жалғастырғыштар, иіндер, ернемектер)

101.	7610	Алюминий металл конструкциялары (9406 тауар позициясындағы құрастырылатын құрылыс металл конструкцияларынан басқа) және олардың бөліктері (мысалы, көпірлер және олардың бөліктері, мұнаралар, керегеторлы діңгектер, шатырларға арналған аражабындар, құрылыс фермалар, есіктер, терезелер және олардың рамалары, есіктерге арналған табалдырықтар, балюстрадаалар, тіректер және колонналар): металл конструкцияларда пайдалануға арналған алюминийден жасалған беттер, шыбықтар, профильдер, түтіктер және ұқсас бұйымдар
102.	7611 00 000 0	Кез келген заттарға арналған (қысылған немесе сұйылтылған газдан басқа), сыйымдылығы 300 л астам, қаптамасымен немесе жылу оқшаулағышпен немесе оларсыз, бірақ механикалық немесе жылу техникалық жабдықтарсыз резервуарлар, цистерналар, бактар және алюминийден жасалған ұқсас сыйымдылықтар
103.	7612	Кез келген заттарға арналған (сығылған немесе сұйылтылған газдан басқа), сыйымдылығы 300 л-ден астам қаптамасымен немесе жылу оқшаулағышпен немесе оларсыз, бірақ механикалық немесе жылу техникалық жабдықтарсыз бөшкелер, барабандар, банкілер, жәшіктер және алюминийден жасалған ұқсас сыйымдылықтар (қатты немесе деформацияланатын түтік түріндегі сыйымдылықтарды қоса алғанда)
104.	7613 00 000 0	Сығылған немесе сұйылтылған газдарға арналған алюминий сыйымдылықтар
105.	7614	Электрлік оқшаулаусыз алюминийден жасалған иірілген сым, тростар, өрме баулар және ұқсас бұйымдар
106.	7616	Алюминийден жасалған басқа да бұйымдар
107.	7802 00 000 0	Қорғасын қалдықтары мен сынықтары
108.	7902 00 000 0	Мырыш қалдықтары мен сынықтары
109.	8002 00 000 0	Қалайы қалдықтары мен сынықтары
110.	8101 97 000 0	Вольфрамның қалдықтары мен сынықтары
111.	8102 97 000 0	Молибденнің қалдықтары мен сынықтары
112.	8103 30 000 0	Танталдың қалдықтары мен сынықтары
113.	8104 20 000 0	Магний қалдықтары мен сынықтары
114.	8105 30 000 0	Кобальт қалдықтары мен сынықтары
115.	8106 00 100 0	Өңделмеген висмут; қалдықтары мен сынықтары; ұнтақтары

116.	8107 30 000 0	Кадмий қалдықтары мен сынықтары
117.	8108 30 000 0	Титан қалдықтары мен сынықтары
118.	8109 30 000 0	Цирконий қалдықтары мен сынықтары
119.	8110 20 000 0	Сүрме қалдықтары мен сынықтары
120.	8111 00 190 0	Марганец қалдықтары мен сынықтары
121.	8112 22 000 0	Хром қалдықтары мен сынықтары
122.	8607	Темір жол локомотивтерінің немесе трамвайдың моторлы вагондарының немесе жылжымалы құрамның бөліктері

Ескерту: ЕАЭО СЭҚ ТН – Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы.

Тауар позициясы – ЕАЭО СЭҚ ТН-ға сәйкес тауардың атауы.